



БҰЛ СОҒЫС ТА ҚАЗАҚТЫҢ БІР ТАРИХЫ



Саяси тұрғыдан келгенде, қазір бүкіл әлем елдерінде, міне, жұртымыз атсалысып, атап өткелі отырған Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты көзқарас құбылып, өзгеріп, қилы-қилы пікір айтылуда. Көптеген елде бұл соғысты «орыс-герман соғысы», ал оған қатысқан одақ елдерін еріксіз соғысқа қатысып, Ресей, Украина, Беларусь тәрізді славян тектес елдердің жерін қорғаушылар ретінде ғана таниды.

(Жалғасы 5-бетте)

«Өңірдегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі артып келеді»

– Бағлан Абайбекұлы, еліміздегі кез келген өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең алдымен ондағы тұрғындардың саны мен көші-қонынан байқалады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департамент басшысы ретінде өңірдегі ахуалды қалай бағалайсыз?

– Дұрыс айтасыз, кез келген аймақтағы әлеуметтік экономикалық жағдай халық санына тікелей байланысты. Қазір мысалы, Алматы облысы халқының саны 1568,8 мыңға жетті. Оның ішінде қалалықтар – 304,1 мың адам (19,4%), ауыл тұрғындары – 1264,7 мың (80,6%). Демек, бұл көрсеткіш тек санға ғана емес, сапаға, өмір сүру салтына да әсер етіп отыр. Өңірде өмір сүру сапасы көтерілген, әлеуметтік ахуал экономиканы әртараптандырып дамытып, салаландырып жатыр.

Халықтың табиғи өсімі үстіміздегі 2025 жылдың екі айында 2869 адамды құрады. Былтырғы сәйкес кезеңде бұл – 4019 болған. Көші-қонға келетін болсақ биыл онда да оң айырма қалыптасты. Нақты айтқанда ол 3264 адамды құрады. Енді көші-қонның құрылымына көз жүгіртер болсақ оң айырма сыртқы көші-қонда – 1065 адамды, ішкі көші-қонда – 2199 адамды құрап отыр. Бұл ненің көрсеткіші? Бұл – аймақтағы әлеует көтеріліп, елдің нарық заманына икемделе бастағанын көрсетеді. Еңбек қатынастарындағы жағдай әр өңірге инвестициялану процесімен тұрақтана бастады, жұмыс орындарының саны артып, экономикалық әртүрлі жобалар қолға алынууда. Бұның бәрі ішкі еңбек қатынастарын реттеп, ішкі экономиканы тұрақты, әрі ақырындап оң бетбұрыстарға қадам басқанының дәлелі.

– Еңбек нарығында қандай өзгерістер бар?

– Еңбек нарығындағы жағдайға келетін болсақ, соңғы кездері 15 және одан жоғары жастағы жұмысқа қабілетті адамдар саны 751,3 мыңды құраған.

(Жалғасы 6-бетте)

АЙНА

АҒАЙЫНДЫ АЛТЫ АРЫС

...Қызыл қырғыннан аман қалған азғантай «Айтбай әулеті» қырық бірінші жылы етік киіп түгел сапқа тұрады. Қатарында Нұржау мен Құжаты, Төлеу, Қабдәш, Нұржігіт және он алтыға толар-толмас жасында «он сегіздемін» деп алдап, ағаларымен бірге соғысқа аттанып кете барған – Мырзағали Мәжитов. Мұның Мәжитов болып жазылуы да қызық. Алдындағы бес ағасы Мауытов, Мауытов... дей берген соң, кезек тура осыған келгенде военкомның: «Бұл не қылған таусылмайтын Мауытов?!», деген қатқылдау таңданысына шын жасын жасырып, ағаларымен бірге аттануға асыққан Мырзағали: – Мәжитов, – деп айтып, солай жазылып кете барған. Мәжитов демекші, осы Айтбай аталығынан тарайтын үлкен әкеміз Мәжит (Әбдімәжит) Ығылманұлының (өзінің аталас інісі) атын сөйтіп өзіне пәмиле қыла салған екен. Бұдан қалған ескерткіш – ескілеу ғана жалғыз фотокәртішкі. 1941 жылы майдан шебінде түсіріліпті. Әжем марқұм, әскери киімдегі осы сүгіретті көрген сайын «Ерке қайным-ау, әлі бала еді ғой» деп жанарын бір сығып алатын.

«ОТАМАЛЫ»

1953 жыл. Ойылдың атақты Қызыл-Школында (ШКМ)-да 7 сыныпта оқып жүрген кезім. Мектебі-

міз Тал-Тоғайдан 7 шақырым жерде. Бір топ бала қысы-жазы жаяу қатынап оқимыз. Сол Тал-Тоғайда Балерке деген сауыншы апайдың үйінде жатып оқимын, тұрмысымыз өте нашар, киім-тамақ жоқтың қасы. Өз

Солай, «Алпыс үйлі Айтбайдан» аман қалған алтау түгел алапат соғысқа аттанғанда Нұржау қайнағасының жалғыз Сәдуақасты менің әжем Айкенже бауырына басыпты. «Әуелей ұшқан алты қаздың» артында қалған сол екі жетімектің тілеуіне соңғы алтаудан оқ жыртқан өңешін тікелей мыс түтікшемен жалғаған жалғыз менің атам Құжаты аман оралады. Оның өзі де бір отамалыда қалқоздың малы мен көмекші шопан жас баланы аман алып қаламын деп ақтүтекпен арпалысып жүріп тамағындағы темір түтікшеге мұз қатып, тұншығып өлген деседі...

2015-тің желтоқсан айында Ойыл ауылының тұрғыны Сағынбай Қаумешов деген ағамыздың осы естелігі қолыма түсіп азамат ағам алғысымды жолдағанымда, Құжаты атамның есімі Ақшатаудағы ескерткіш тақтаға жазылғанын естіп және бір қуандым.

Иә, «батыр болып тұмайды...» демекші, сұрапыл соғыстан мүгедек болып оралса да, Отанына соңғы демі қалғанша қызмет еткен Құжаты шалдың немересі болғанымды мақтан тұтып өтемін...

үйім Тал-Тоғайдың солтүстігінде 8-9 шақырым жердегі Төрт-Тоғай деген малшы ауылда. Әкем қойшы. Үйде менен бөлек 3 інім бар. Олар Кішкене-Тоғайдағы бастауыш сыныптарда оқиды. Әлі есімде, сол жылдың

(Жалғасы 8-бетте)

2-бет



Ата Заң – тұрақтылық тірегі

3-бет



Ер есімі – ел есінде

4-бет



Шығынды өндіріп алу институты – құқықтық механизмнің бірі

БІР МҮДДЕ

РУХАНИ БІРЛІКТІҢ БЕСІГІ

Шымкентте Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков «Бірлігіміз жарасқан» атты салтанатты жиында тұрғындарды құттықтап, ұлттық бірлікті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.



Шымкент қаласында жүзден астам ұлт өкілдері құрмет пен достық атмосферасында өмір сүріп жатқанын айтқан әкім: «Тарихи дәстүр бірлік пен келісімге ұмтылу арқашан халқымыздың басты құндылықтарының бірі болғанын көрсетеді. Бұл мереке әр шаңыраққа ынтымақ пен бірлік, жылулық әкелсін!», – деді.

Іс-шара аясында мегаполис басшысы этномәдени бірлестіктердің қолөнер көрмесімен, жас кәсіпкерлердің жобаларымен танысты. Сондай-ақ, ол қаланың дамуына,

этносаралық үйлесімділікті нығайтуға және экономикалық өркендеуге елеулі үлес қосқан азаматтарға «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.

Сондай-ақ қала әкімі Шымкент алдағы уақытта да бейбітшілік пен келісімнің тірегі, тату көршілік пен рухани бірліктің үздік дәстүрлері сақталатын құтты мекен болатынына сенім білдірді.

**Шымкент қаласы әкімінің
баспасөз қызметі**

РЕФОРМА

Жаңа реформалар саланы жаңғыртып, қоғамға оң өзгеріс жасау үшін қолға алынады. 2024 жылғы 5 шілдеден Астана қаласында жұмысын бастағалы отырған үш дербес кассациялық сот та көпшілік талабымен қолға алынған тың реформаның жемісі.

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Қарапайым халықтың пікір-ұсынысын естіп, отандық кәсіпкерлермен кездесу барысында кассациялық сатыдағы кемшіліктерге көзі жеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сотқа мәселені жан-жақты зерделеп, азаматтарға қолайлы жол ұсынуды тапсырған еді. Осыған орай Жоғарғы Сот тарапынан ауқымды жұмыстар қолға алынды. Көптеген көшбасшы елдердің кассациялық сотқа қатысты тәжірибелері сарапталып, үздік нәтиже берген, көпшіліктің көңілінен шыққан жобалар талқыға салынды. Кассациялық соттың бүгінгі нұсқасы – үлкен ізденістің, терең зерттеу мен салиқалы сараптаудың нәтижесі десек қателеспейміз.

Жаңа өзгеріске орай «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы 2-1-тараумен толықтырылды. Бұл тарау кассациялық соттар жөнінде нормаларды жинақтаған. Аталған тараудың 16-2-бабына сәйкес, Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ел Президенті құрап, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Респуб-

ликасының Президенті бекітеді. Жаңа соттардың құрамына шамамен 100-ге жуық судья жұмыс істемек. Әрі сот әділдігінің соңғы шыңы болғандықтан, кассациялық соттарға іріктелетін судьяларға да талап айтарлықтай жоғары. Айталық кассациялық сот судьясы ретінде таңдалатын үміткердің заң саласындағы жұмыс өтілі 18 жылдан кем болмауы керек. Яғни, үміткердің заң мен тәртіпті жақсы меңгеріп, құқық қорғау саласының тетіктерін жетік меңгеруі шарт. Сонымен қатар, үміткерлердің судья лауазымындағы жұмыс өтілі 8 жылдан кем болмауы керек. Осы сегіз жылдың кемінде үш жылында облыстық сотта судья болып қызмет етуі міндет. Ал төрағаларға қойылар талап бұдан да жоғары.

Кассациялық тәртіпте, заңды күшіне енген сот актілерін қарау, алдын ала қарауды өткізбеу, істі мәні бойынша ақылға қонымды 6 айға жуық мерзімде қарау да дербес соттардың қызмет ету қағида-сында бекітілген. Сондай-ақ істерді кассациялық тәртіпте 3 судьядан тұратын алқалы құрам қарамақ. Бұл да ақ пен қараны дәл анықтап, кемшілікке жол бермеудің мақсаты шартының бірі.

Жоғарыдағы Конституциялық заңның 17-бабы 1-бөлігіне сүйенген Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыс-

тық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады. Оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар



Берік ИМАНМАДИЕВ,
Мақаншы аудандық сотының
төрағасы

қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады. Осы жаңашылдықтың өзі еліміздегі Жоғарғы Соттың кассациялық саты ретіндегі өз функцияларын тоқтататынын көрсетеді. Жаңа реформалар қолданысқа енген кезден бастап Жоғарғы Сот тек республика соттарында қаралған істер бойынша сот тәжірибесіне шолу жасап, бірыңғай тәжірибе қалыптастырып, тиісті түсіндірмелер беру бойынша жұмыс жүргізеді. Міне, қоғамға осындай жаңашылдық әкелген кассациялық соттар ертеңінен көп үміт күттіреді.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

КОНСТИТУЦИЯ – 30

Кез келген мемлекеттің ұстанған жолын, ұлтының құндылығын айқындайтын басты құжаты – Конституциясы. Конституцияда мемлекеттік биліктің барлық құрылымынан бастап, елдің әрбір азаматының, ондағы ұлттар мен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаты, міндеті, құқығы көрсетіледі. Сондай-ақ, мемлекет өміріндегі бетке алған үдерістер де осы Конституция арқылы реттеледі.

АТА ЗАҢ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ



Райхан РАТОВА,
Жамбыл облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

1995 жылы 30 тамызда бүкіл-халықтық республикалық референдуммен еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын басты құжат Конституция қабылданып, қолданысқа енгізілді. Елдің елдігін, халықтың теңдігін айқындайтын Ата Заңымызға биыл 30 жыл толады. Осы жылдары тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата Заң – мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, да-

мудың қайнар бастауына айналды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнеге. Барлық қазақстандықтың мүддесін көздің қарашығындай сақтауға бағытталған Ата Заңымыз еліміздің сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, судьялардың мәртебесін көтеруге үлкен серпін туғызды. Атап айтар болсақ, сот кадрларын іріктеу Жоғарғы Сот Кеңесіне берілді.

Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді. Экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік, әскери, кәмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған соттар құрылып, жұмыс жасау нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Ендігі кезекте демократиялық құндылықтарды дамытып, жаңа Қазақстанды құруға қадам бастық. Біздің ендігі парызымыз ата-бабаларымыз армандап кеткен Тәуелсіздік туын берік ұстап, осы тәуелсіздіктің нышаны іспетті Конституциямызға құнтылықпен қарап, оны өз Отанымызды, тарихымызды құрметтегендей, құрметтеу.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

СТУДЕНТТЕР ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ

Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Ашық есік күні» өтті.

Шара барысында көпсалалы колледждің 1 курс студенттері сотқа келді.

Сот төрағасы Ибрагим Алькенов студенттерге соттың құрылу тарихы, қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау ерекшелігі, сот жүйесін дамыту, сот процесін дыбыс-бейне жазу туралы баяндады. Сту-

денттердің практикалық сабақтардан өту және ашық сот процесіне қатысу тәртібі туралы сұрақтарына жауап беріп, сот залдарына экскурсия жасады.

Іс-шараның қорытындысы бойынша сот төрағасы студенттер арасында тәрбиелік мәні бар кездесулер үнемі өткізіліп тұратынын атап өтіп, жастардың оқуына сәттілік тіледі.

Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

БАЙҚАУ

ЖУРНАЛИСТЕР ҚҰЛАҒЫНА «АЛТЫН СЫРҒА»!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы мен Қызылорда облыстық соты журналистер арасында жыл сайын өткізілетін «Сот репортері» байқауының басталғанын хабарлайды.



Байқау талаптары бойынша журналистердің авторлық жұмыстарында қоғамда заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы сот қызметі, оның рөлі, сот процестерінің тәрбиелік мәні, моральдық-адамгершілік тақырыбындағы соттар мен судьялар жайлы очерктер, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың мәртебесін нығайту мәселелері туралы, сот жүйесіне енгізілген қазір-

гі заман технологияларының халық үшін пайдасы, судьялардың ауыр да мәртебелі еңбегі, судья және сот қызметкері күніне қатысты тақырыптар қамтылуы керек.

Материалдар «Байқауға!» деген белгімен, жарияланған күнін, қысқаша аннотациясын, авторы туралы мәліметтерді көрсетіп, (А.Т.Ә., жұмыс орны, кәсібі, тұрғылықты жері, телефон нөмері, электрон-

дық пошта адресі) өтініш жазып, автор материалы жарияланған газет немесе журнал түпнұсқада немесе редакциялық баспа куәландырылған көшірмеде, сондай-ақ, бейнематериалдар электрондық нұсқада (СД-дискіде) жинақталып ұсынылуы тиіс.

Байқауға газет, журнал, интернет газеттер мен порталдарға жарияланған мақала, очерк, сұхбаттар, көрсетілген бейнесюжеттер мен телебағдарламалар 2025 жылдың 2 мамырынан бастап 15 маусымына дейін қабылданады. Конкурстық ұсынылған материалдар осы мерзім аралығында жарияланған болуы қажет. Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды.

Байқау жеңімпаздары 2025 жылдың маусым айының соңында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қызылорда облысы филиалы дайындаған арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Өтініштер мына мекенжай бойынша қабылданады:

Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29-үй, 508-кабинет
E-mail: 724-0802@sud.kz, pressa_kzlobsud@mail.ru
Тел: 55-12-16, 55-97-24, 0802 (ішкі), 8 702 964 42 35

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы

ТАҒЫМ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Биыл Екінші дүниежүзілік соғыс аталған алапат зұлымдықтың аяқталғанына, Ұлы Жеңіс мерекесіне 80 жыл толғалы отыр. Адамзат баласына қанды қырғын мен қасірет әкелген бұл зұлматтың қайғысы әлі ел есінде. Халықта «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» деген даналық сөз бар. Өмір мен өлімнің арпалысынан аман келіп, барлық күш-жігерін құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арнаған Наурыз Өтегенов көзі тірі болғанда биыл 100 жасқа толар еді.



жауапкершілігімен, қабілеттілігімен көзге түседі. Алматы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебін аяқтаған соң «Смерш» қарсы барлау басқармасының офицері деген атақ беріледі және алғашқы құпия тапсырмасы – германдық барлаушы, қауіпті агентті әшкерелеуге Қызылорда қаласына жіберіледі. Екі апта ішінде сәтті орындалған тапсырмадан кейін Наурыз Әлжанұлына кезектен тыс кіші лейтенант атағы беріліп, Солтүстік Кавказ «Смерш» қарсы барлау басқармасына майдан шебіне жіберіледі.

Наурыз Әлжанұлы Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) әскерінің 101-бригадасы құрамында Солтүстік Кавказ, Украина, Прибалтика, Польша аумақтарында әскери әрекеттер мен жау агенттерін жоюға қатысады.

Біздің кейіпкеріміз майдан алаңында жүргенде көптеген ерлік жасаған. Ол 1944 жылы аса маңызды тапсырманы орындауға Гурьев облысының Жылыой ауданына шақырылады. Аудан аумағында топтасқан герман агенттерінің мақсаты аудандағы мемлекеттік маңызы бар «Гурьев-Орск» мұнай құбырларын, кейбір өндіріс орындары мен теміржол нысандарын істен шығару екені белгілі болады. Наурыз Өтегенов пен басқа да қызметкерлердің ұйымдасқан іс-әрекетінің алдын алу арқасында агенттер тобының көзі жойылып, сол аймақтағы нысандар аман сақталып қалды.

Соғыс аяқталған соң Наурыз Әлжанұлы Қызылорда, Гурьев, Орал облыстарының мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет етеді. Батыс Қазақстан облысында 1950 жылдардағы Жаңақала, Фурманов аудандарында түрмеден бо-

сатылғандардан құралған қарулы қылмыскерлер тобы, неміс қаруымен қаруланған қашқындарды ұстау, 1950 жылы Чапаев елді мекеніндегі қару-жарақ ұрлаған қауіпті қылмыскерлер тобын ұстауда атқарған еңбегі ерекше еді. Наурыз Өтегенов 1954 жылы ІІМ-ге қызметіне ауысып, кейін Батыс Қазақстан облысы ІІБ-ның іздестіру қызметі бастығы лауазымына тағайындалады. Негізгі қызметімен қоса «Динамо» облыстық дене шынықтыру – спорттық қоғамын 10 жылдан астам уақыт басқарып, сол уақыт аралығында айтарлықтай үлес қосты.

Он жыл бойы «Динамо» ФСО облыстық филиалын басқарған Наурыз Әлжанұлы Оралдағы «Динамошылар» қозғалысының дамуына зор үлес қосты, «Динамо» облыстық дене шынықтыру – спорттық база жасауға қол жеткізді. Оның бастамасымен бой көтерген үлкен спорт залы мен тренажерларға арналған бөлме облыстық ішкі істер органдарының дене шынықтыру ұжымдарының жыл бойына шеберліктерін шыңдауына мүмкіндік беруде.

Наурыз Әлжанұлының ұйымдастыруымен ай сайын әскери қолданылатын спорт түрлерінен біріншіліктер мен спорттық жарыстар өткізіліп тұрды. Сонымен қатар, Жайықтың көркем жағалауында байдаркамен сырғанау үшін республикадағы тұңғыш заманауи спорт кешені бой көтерді. Осындай базаның арқасында жетпісінші жылдардың ортасында Гурьевте байдарка мен каноэде есуден, бокстан және басқа да спорт түрлерінен Қазақстан мен КСРО-ның алғашқы чемпиондары пайда болды. Сол жылдары Гурьев облыстық «Динамо» ұйымы Кеңес Одағының ең үздік динамолық ұйымдарының қатарына бірнеше рет кірді.

Наурыз Өтегенов КСРО Ішкі істер министрлігінің Мәскеудегі Жоғарғы мектебін тәмамдаған. 1964–1969 жылдары Ақтөбе облысында, 1973–1986 жылдары Гурьев облысының ІІБ бастығы болып қызмет етеді. 1980 жылы оған милиция

генерал-майор атағы беріліп, 1986 жылы құрметті демалысқа шығады. Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен, сонымен қатар «Батылдығы үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Польшаны азат еткені үшін», «Германиядағы жеңісі үшін» медальдарымен, сондай-ақ соғыстан кейінгі еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медальмен марапатталған. Наурыз Әлжанұлы үшін Ұлы Жеңіс күні өміріндегі ең маңызды күн болатын. Ол 80 жасына қараған шағында Ұлы Жеңістің 60 жылдығына аз ғана уақыт жетпей 2005 жылы дүниеден өтті.

Наурыз Әлжанұлы – «Жаңақала ауданының құрметті азаматы», «ІІМ еңбегі сіңген қызметкері» атақтарының иегері. Оның есімі Атырау қаласы көшелерінің біріне берілген, сонымен қатар Орал қаласында ол тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық тақта ілініп, БҚО полиция департаментінің музейінде жеке заттары қойылған.

Атап өтер болсақ, генерал-майор формасы, сыйға берілген ескерткіш кітабы, қызмет бабындағы бірнеше фото суреттері сақталған. Наурыз Өтегенов – ғұмырын халықтың бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтауға арнаған, талай шәкірт тәрбиелеген үлгілі тәлімгер. Әке салған сара жолын ұрпақтары жалғастырған. Атап айтсақ үлкен ұлы Құрманғазы мен кіші ұлы Әділғазы және немерелері Нұрлан мен Ерлан ата жолын күйіп ішкі істер басқаруында таңдады. Қазіргі таңда немересі Нұрлан ішкі істер органдарының ардагері, ал Ерлан осы саладағы қызметін жалғастыруда. Ұлы Жеңістің қасиетін, Батыр аталарымыздың ерлігін ешкім де, ешқашан да ұмытпақ емес! Олар жүрген жол – шежіре. Бейбіт өмірде әрбір азаматтың қауіпсіздігін, олардың өмірі мен қоғам тыныштығын қорғаған ардагерлеріміз болашақ ұрпаққа үлгі, есімдері мәңгі тарихта қалады.

Раушан НАРБЕК

ҚАТЕР

Азаматтардың күнделікті тұрмыста қарапайым өмір қауіпсіздігін сақтамауының соңы орны толмас өкінішке ұрындырып жататыны ешкімге құпия емес. Сот өндірісінде қаралған төмендегі оқиға соның дәлелі.

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Пәтер иесі 2022 жылғы қараша айында өзінің айтуымен иелігіндегі Шымкент қаласы, Тұран ауданында орналасқан көп қабатты үйдің пәтерінде жалға алушы азаматша арқылы газ жүйесін қосып беруге құқығы барына және монтаждау саласында білімі бар-жоғына көз жеткізбей, жалдамалы жұмысшыларды шақыртып газ қостырмақ болған. Осылайша аталған пәтердің қылтимасында газдануды бақылау сигнализаторы мен қосымша ауа алмасу жүйесі орнатылмағанына қарамастан «Лидер ВПГ-10» маркалы газ жабдығын газ тарату ұйымының келісімінсіз ауыстырған.



Т. НУСИПОВ,
Шымкент қаласы
Тұран ауданы
прокурорының
орынбасары әділет
кеңесшісі

Осыдан кейін, пәтер иесі аталған газ жабдығының иесі ретінде оның тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті бола тұра, техникалық қызмет көрсетуге арналған шартқа отырмастан, 2024 жылы аталған пәтерін азаматтарға бір жыл мерзімге жалға берген.

Көп ұзамай қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін газ жабдығының салдарынан аталған пәтердің тұрғыны пәтердің жатын бөлмесінде көміртегі тотығымен уланып, нәтижесінде абайсызда көз жұмған.

Аталған фактімен қылмыстық іс қозғалып, Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының үкімімен пәтер иесі ҚК-нің 306-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-нің 63-бабының 1-бөлігіне сәйкес тағайындалған жаза шартты деп саналып, пробациялық бақылау белгіленген.

Бұл орны толмас өкініштің алдын алу мақсатында әр пәтер иесі өрт, газ, тоқ техникалық қауіпсіздігін сақтауы тиіс.

САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ

ЕКПЕ АРҚЫЛЫ ӨЗІҢІЗДІ, ЖАҚЫНЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен 2006 жылдан бері Еуропалық иммундау апталығы жыл сайын өткізіледі.

Биыл 2025 жылғы 27 сәуір мен 3 мамыр аралығында өтетін Еуропалық иммундау апталығы (ЕИА) аясында негізгі назар «Барлығы үшін иммундау – адамның қолынан келеді» деген ұранмен өткізілуде.

Бұл апталықтың басты мақсаты – халықтың екпеге деген көзқарасын, вакциналардың тиімділігі, қауіпсіздігі туралы хабардар ету, иммундауға оң пікірін қалыптастыру, тиісті контингентті екпелермен қамту және халықтың жұқпаға қарсы иммундық статусын қалыптастыру болып табылады. Инфекциялық ауруларға қарсы профилактикалық егу көрсеткіш жылдан жылға төмендеуде, өзекті мәселелердің бірі жас ата-аналардың жаңа туған балаларына екпе салудан бас тартуына, мұның өзі ата-аналардың екпеге деген көзқарасы, екпе бойынша мағлұматтың болмауына байланысты. Бүгінгі күнге дейін вакцинадан кейінгі асқинулар тіркелген жоқ. Жүргізілген профилактикалық егулердің арқасында ауданымызда дифтерия, полиомиелит, сіреспе сияқты инфекциялық аурулар тіркелмеген. Профилактикалық екпелер арнайы дайын-

дықтан өткен медбикелермен егу кабинеттерінде жүргізіледі. Бүгінгі таңда иммундау тегін. Сонымен қатар, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мен емдеу мекемелерінің дәрігерлерімен бірге екпелердің сапасы мен қауіпсіздігі, қажеттілігі мен маңызы бойынша тұрғындар арасында тұрақты түрде санитариялық ағарту жұмыстары жүргізіледі. Шара өз нәтижесін беруде. Биылдың өзінде түсіндірме жұмыстарының арқасында ауданымыздың 1923 тұрғыны екпе салдыртқан.

Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 15 жұқпа көзіне қарсы екпе жүргізіледі, соның ішінде балаларымызға ең қауіпті жұқпалардың бірі ол көкжөтел, сіреспе, қызылша, туберкулез. Бүгінгі күні жатыр мойны обрынын тудыратын адам папилемасы вирусына қарсы екпе күн тізбесіне қосылды. Соңғы жылда аймақта профилактикалық вакцинаға арыз-шағым болған жоқ. Бала туғаннан иммунитетін көтеруге вакцина салады. Бала вакцинаны көтере алмай қалды деген жайлар тіркелген жоқ, тұрғындар арасында вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі аясында түсіндіру жұмыстары, иммундауға оң көзқарас қалыптастыру бағытында, Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес алдын ала екпелермен қамту деңгейін жоғарылату жұмыстары барлық медициналық мекемелер-

ЭКОНОМИКА

Норвегия, Марокко мен Ұлыбританияға қазақстандық бидай экспорттала бастады. Бұл бағыттағы шығындарды өтеу үшін мемлекет 5 миллиард теңге көлемінде субсидия бөледі. Мәжіліс депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Айдарбек Ходжаназаровтың мәлімдеуінше астық экспортына Үкімет 40 миллиард теңге бөлген.

«Соңғы екі жылда логистика шығындары 30-40 пайызға өсті. Егер бұл шығындар өтелмесе, отандық өндірушілердің сырт-

қы нарыққа өнім шығарулары қиындай түседі, бәсекелестікке де қауқарсыз болары анық. Бірақ Үкімет дер кезінде қолдау білдіріп, отандық өнім Еуропа одан соң Африка елдеріне тасымалданып отыр», – деді А.Ходжаназаров.

Қазіргі кезде отандық жұмсақ бидайдың алғашқы легі Норвегия мен Мароккоға жөнелтілді. Ұлыбритания мен Шотландияға жеткізу бойынша келісімшарттар енді жасалды. Сонымен қатар Біріккен Араб Әмірліктері, Нигерия, Сенегал, Кот-д'Ивуар және Судан елдеріне де экспорт

көлемін ұлғайту бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр.

«Отандық жұмсақ бидай аталған елдерге 15 жылдан астам уақыт бойы экспортталмаған. Біз жаңа экспорттық бағыттарды игеріп жатырмыз. Бұл тек логистикадағы серпіліс емес, сонымен қатар сыртқы экономикалық стратегиядағы маңызды жетістік», – деді депутат.

Жалпы Үкімет бөлген субсидия теміржолмен де, теңіз арқылы да тасымалдау түрлерін қамтиды. Қазіргі таңда 200 мың тоннадан астам өнім – соның

ішінде бидай, арпа және басқа да дәнді дақылдар сыртқы нарыққа шығарылды. Тасымалдау шығындарын өтеуге берілген өтінімдердің жалпы сомасы 9 миллиард теңгеден асқан. Негізі, субсидияға бөлінген қаражат көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы жүргізуге, биылғы өнімді өңдеп, сақтайтын орындарды босатуға және тұтастай алғанда, отандық астықтың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Вы знаете, что ваши усилиями спасены жизни?

Иммунизация для всех в человеческих силах

для всех иммунизация для всех иммунизация

де ұйымдастырылады және мекемелерде арнайы мамандардың қатысуымен оқыту шаралары өткізіледі. Осы аптада барлық медицина мекемелерінде екпеге байланысты челлендж, акция ұйымдастырылып өткізілді, медицина мамандары өздері бастап тиісті қоспалары екпелерін алып, халықты екпе алуға шақырды.

Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес екпе алынбай қалса, өз тұрғылықты мекен жайыңыздағы медициналық мекемеден тегін, толықтай екпе ала аласыз. Екпе арқылы өзіңізді жұқпадан қорғап қана қоймай, жұқпадан кейінгі болатын ауыр асқинулардан да сақтанасыз! Қазірден бастап балаңыздың болашағын ойлаңыз!

М.ЖАНСЕЙТОВА,
Алматы қаласы Әуезов ауданы
СЭББ басшысының
орынбасары

ОТАНДЫҚ АСТЫҚ СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРҒА ЖОЛ АШТЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ?

Іс жүргізудегі процессуалдық келісім жасасу тәртібі Қылмыстық-процестік кодекстің 13-бөлімінде айқындалған.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру мынадай: 1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша

- күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда;

- кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға, тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында;

3) ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша кінәні мойындау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім мынадай шарттар болған кезде ғана жасалуы мүмкін: 1) күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген; 2) күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған; 3) жәбірленуші іске қатысқан жағдайда, ол процестік келісім жасасуға келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Процестік келісімін жасауға келісім берген жәбірленуші залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады. Процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін күдіктінің, айыпталушының процестік келісімінен бас тартуға құқығы бар. Тараптардың процестік келісім жасасудан бас тартуы оны қайтадан жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Процестік келісімде оның жасалған күні мен орны, процестік келісімді жасасушы прокуратура органының лауазымды адамы, келісім жасасушы күдіктінің, айып-



Әйгерім БАЙСОЛТАНОВА,
Павлодар қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

талушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, тұрғылықты жері және айналысатын кәсібі, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ осы кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау, ҚР Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы, процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормалары, процестік келісім жасасқаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер; прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері; процестік келісім жасасудың Қылмыстық-процестік 614-бабында көзделген салдары, жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісетіні туралы көрсетілуге тиіс.

Процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы ҚР Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімінен немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды.

ПАЙЫМ

ШЫНАЙЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ КЕПІЛІ

Конституциялық заңдылық – кез келген демократиялық мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізі. ҚР Конституциясы – елдің Ата Заңы ретінде мемлекеттің құқықтық тәртібін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ билік органдарының өзара әрекеттесу тәртібін айқындайды. Осы тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету және сот актілерінің нақты орындалуы – әділеттік пен құқық үстемдігінің басты кепілі.

Сот шешімдері – әділ сот төрелігін жүзеге асырудың нақты нәтижесі. Олар заңды күшіне енген соң, орындалуға міндетті. Конституциялық заңдылықты сақтау дегеніміз – Конституция мен басқа да заңнамалық актілердің талаптарын мүлтіксіз орындау. Бұл үдерісте үш негізгі бағыт маңызды:

Конституциялық бақылау және құқықтық реттеу

Конституциялық Кеңес немесе Жоғарғы Сот құқықтық нормалардың Конституцияға сәйкестігін бағалап, қажет жағдайда заңдардың күшін жоя алады. Бұл – заң шығару мен қолданудағы сәйкестікті қамтамасыз етудің бір жолы.

Сот шешімдерінің орындалуын бақылау

Заңды күшіне енген сот актілерін орындау мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың міндеті болып табылады. Бұл үшін осы бағыттағы тиімді жұмыс азаматтардың сенімін арттырып, қоғамда әділдік пен тұрақтылықты орнауына ықпал етеді. Мемлекет пен азаматтық қоғам бірлесіп отырып, құқық үстемдігін қамтамасыз еткенде ғана шынайы демократиялық жүйе қалыптасады.

Сания АЙДАРБАЕВА,
Атырау облысы
кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты
әкімшісінің басшысы

БІЛГЕН ЖӨН

Шығындарды өндіріп алу – азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестерде жиі кездесетін құқықтық механизмнің бірі. Мұндай істер тараптардың мүліктік мүдделерін қорғауға, әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл істерді қарау барысында соттар нақты құқықтық нормаларға, дәлелдемелерге және сот практикасына сүйенеді.

ШЫҒЫНДЫ ӨНДІРІП АЛУ ИНСТИТУТЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМНІҢ БІРІ

Азаматтық процестік кодекске (АПК) сәйкес, тараптар сот процесіне байланысты келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. АПК-нің 102-бабы бойынша, сот шығыстары іс бойынша іс жүргізуге байланысты мемлекеттік баж бен шығындардан тұрады. Ал АПК-нің 108-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарға:

1) куәларға, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;

2) тиісті орында қарап-тексеруді жүргізуге байланысты шығыстар;

3) заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығыстар;

4) жауапкерді және баланы іздеу бойынша шығыстар;

5) іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар;

6) тараптарға және іске қатыс-

тын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар;

7) тараптар мен үшінші тұлғалардың жол жүру және тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша, олардың сотқа келуіне байланысты жұмсаған шығыстары;

8) өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар;

9) сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейін реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығыстары жатады.

Тарап шығынды өндіріп алу үшін келесі талаптар орындалуы тиіс:

- шығындардың негізділігі мен мөлшері дәлелденуі керек. Мысалы, шот-фактуралар, келісімшарттар, төлем түбіртектері ұсынылуы тиіс;

- іс бойынша шешім шығарылғанға дейін талап етілуі керек.

Сот процесі аяқталған соң шығындарды өндіру туралы талап-арыз қабылданбауы мүмкін.

- соттар «қажетті және ақылға қонымды» деген өлшеммен шығындарды бағалайды. Яғни, тым жоғары адвокаттық ақы өндірілмеуі мүмкін. Жалпы, ереже бойынша, іс сотта кімнің пайдасына шешілсе, соның қарсыласы сот шығынын өтейді.

Алайда сот кейде тараптардың процестік мінез-құлқына қарап, шығынды теңдей немесе ішінара бөліп бере алады.

Қазақстандық сот практикасына сәйкес, адвокат қызметінің ақысын өндіріп алу туралы талаптар жиі түседі. Бірақ соттар тек нақты құжаттармен расталған және орынды соманы ғана қанағаттандырады. Шығынды өндіріп алу институты – азаматтардың және заңды тұлғалардың құқығы мен мүліктік мүддесін қорғауда маңызды құрал. Мұндай істерді қарау кезінде тараптар дәлелдемелер жинауға ерекше мән беруі тиіс. Соттар бұл істерде теңгерімді шешім қабылдауға ұмтылады.

Д.ӘКЕТАЕВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

АСЫЛ ҚАЗЫНА

«ТІЛДІ ҰМЫТУ – ТАРИХЫМЫЗДЫ ҰМЫТУ»

Тілдің тағдыры – елдің тағдыры, ол тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді.

Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды мәселе, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, барлық қазақстандықтарды біріктіруші ортақ байлық. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр жаңа ұлт ретінде сақтауымыздың негізгі мақсаты. Біз тіл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз.

Қазақ тілінің жанашыры ретінде қазіргі таңда мемлекеттік тілге толыққанды көшу үшін және қазақ тілінің беделін одан әрі нығайту

үшін, ең алдымен, мемлекеттік тілді оқытудың мазмұны мен сапасына көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Өйткені, анамыздың сүтімен бойға даритын тілдің әр адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы орны ерекше. Бүгінгі қоғамның да алдымызға қойып отырған басты талаптарының бірі – өз ойы мен пікірін өз ана тілінде еркін жеткізе алатын, сол арқылы кез келген ортаға тез бейімделе білетін, сөйлеу тілі қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен Бауыржан Момышұлы атамсыз. Сол тіл мәселесі, оның ішінде мемлекеттік тілге ие болған қазақ тілінің тағдыры жайында тіл жанашыры ретінде айтарым: Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге

ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі.

Қазақстанның әр азаматы өзінің өмірдегі мұратына жетуі үшін мемлекеттік тілді білуі керек екеніне, онсыз мансабының өспейтініне, қазақ тілінсіз өз елінің толыққанды азаматы болып саналмайтынына көзі жеткенде ғана серпіліс болады деп есептеймін. Нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі, сот билігінің беделі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру арқылы артады.

Зульфия КАБДУЛЛИНА,
Ақтөбе қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының Соттар әкімшісінің
басшысы

РЕФОРМА

КАССАЦИЯ ҚАТЕЛІКТЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Елімізде жаңа кассациялық соттар 2025 жылдың шілдесінен өз жұмысын бастамақ. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кассациялық соттардың кадрлық құрамы неғұрлым тәжірибелі судьялар қатарынан құрылуы тиіс. Судьялар корпусының жауапкершілігіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Яғни, бұл сот даулы іске төрелік ететін судьялардың әр шешімін сүзгіден өткізетін арнайы орган болмақ.

Кассациялық соттар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді толық қарайды. Сондай-ақ, бірыңғай кассациялық тәртіп бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарап, 6 ай мерзім ішінде істерді мәні бойынша үш судья құрамында қарауды қамтитын болады.

Кассациялық сот институтының дамуы, біріншіден, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге, екіншіден құқықтық дауларды шешуде әділдік пен бейтараптықты нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға бағытталған.

Кассациялық сот төменгі органдар шығарған сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Негізгі міндеті – сот актілерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарады және құқықтық жүйенің дамуына үлес қосады, сонымен қатар жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді.

Төменгі сатыдағы соттың актісі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Бұл өзгеріс сот жүйесінің дамуы мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына барынша ықпал ететіні сөзсіз.

Кассациялық соттың міндеті – сот шешімдерінің заңдылығын тексеру. Олар апелляциялық соттардың шешімдерін құқықтық тұрғыдан бағалап, заң талаптарына сай болуын қадағалайды. Бұл жаңа инстанция сот қателіктерін түзетіп, заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанда мұндай соттарды құрудың басты мақсаты: әділдікті қамтамасыз ету: кассациялық соттар сот шешімдерін қосымша тексеру арқылы заңдылық пен әділдікті орнатады. Бұл инстанция сот қателіктерін анықтап, дұрыс емес шешімдерді түзетуге мүмкіндік береді.

Бұрын кассациялық шағымдар тікелей Жоғарғы Сотқа берілсе, енді жаңа кассациялық соттар бұл міндетті өзіне алып, Жоғарғы Сот тек ең күрделі істерді қарастырады.

Кассациялық соттар сот шешімдерінің сапасын жақсартуға және заңдардың дұрыс әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Ең бастысы, бұл кассациялық орган толық тәуелсіз болады.

И.ИСМАИЛОВА,
Қобда аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ



Бағлан ҚАРҒҰЛОВ, Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департамент басшысы:

«ӨҢІРДЕГІ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҮЛЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жұмыс күшінің жартысынан көбі ерлердің мойнында. Жалпы халық санындағы жұмыс күшінің үлесі – 71 пайыз.

Бұған сәйкес республикадағыдай жұмыссыздар саны артқан. Бірақ қол қусырып отырған жергілікті билік жоқ. Қолдан келгенше жұмыссыздар мен жұмыс істеуге ниетті көптеген азаматтар өздерінің біліктілігін көтеруден айналысуда. Облыс экономикасында 715,8 мың адам жұмыспен қамтылса, оның ішінде экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 73,1 пайызы, яғни 523,4 мың адам жалдамалы жұмысшы. Сонымен қатар еңбек нарығында бәсеке де қалыптасқан. Шағын және орта кәсіпкерлік негізінде жұмыс істеп жүргендер көп. Бұл жерде тағы сандарға үңілсек: жұмыспен қамтылған халықтың ішін-

де жеке кәсіпкерлердің саны 192,4 мың адамды немесе 26,9 пайызды, тәуелсіз жұмыскерлер – 45,9 мың адамды немесе 6,4 пайызды құрады. Жергілікті халықтың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 192,4 адам немесе 26,9 пайыз. Бұл облысымыздағы ахуалдың бәсекеге қабілетті бола бастағанын көрсетсе керек.

– **Жұмыс орнын сақтап қалу мен оны ұлғайтуда негізгі капиталға салынған инвестицияның орны ерекше екені белгілі. Алматы облысында бұл көрсеткіш қалай жүзеге асуда?**

– Дұрыс айтасыз. Инвестиция және құрылыс қызметінің көрсеткіштері экономиканың орнықты даму процестерін бағалауға және болжауға мүмкіндік беретін экономикалық өсудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Инвестициялау – бұл инвестициялық пайда көмегімен бүгінгі қажеттілікті қанағаттандыру және оны болашақта қанағаттандыруын күтумен алмастыру болып табылады. Өйткені кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижелері негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне тікелей байланысты.

2025 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 137,2 млрд теңгені немесе 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 113 пайызды құрады.

– **Өзіңіз атап өткен экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі саналатын құрылыс саласында өңір құрылыс материалдарымен қаншалықты қамтамасыз етілген?**

– Бүгінде облыс кірпіш, қиыршық, тас-құм қоспалары, табиғи құм, гипскартон парақтары, металл-пластик бұйымдары мен металл конструкцияларының жекелеген түрлері бойынша құрылыс материалдарымен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген.

– **Құрылыс туралы сөз болған кезде ең алдымен тұрғын үйлердің жағдайы сөз болады. Оларды пайдалануға беру жайы қалай?**

шылығы саласы аталатыны ешкімге жасырын емес. Ондағы өсім қандай?

– Иә, ауыл шаруашылығы – Алматы облысының басты артықшылықтарының бірі. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы қаңтар-наурызда 97,4 млрд теңгені немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 101,9 пайыз өсімді көрсетті. Ал облыстың республикадағы үлесі – 13,5 пайыз. Ауыл шаруашылығында 96,1 млрд теңге өнім өндірілді. Облыс республикада шарап, жеміс-көкөніс шырындары, темекі өнімдері, ір қара мал терісінен жасалған былғары, гофрленген картоннан жасалған ыдыстар өндіру бойынша басымдыққа ие.

– **Өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің басым бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі екенін де ерекше атап өткен жөн шығар?**

– Қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 507,9 млрд теңгені, өнеркәсіп өндірісінің индексі – 114,1 пайызды көрсетіп, оның республикадағы үлесі 3,6 пайызды құрады. Облыс халқын электрмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда 9 жел және 5 күн электр станциясы жұмыс істейді. Өндірісте өнеркәсіптің тамақ өнімдері, темекі өнімдері, жеңіл өнеркәсіп, маши-

Оның ішінде импорттың үлесі 58%, экспорттың үлесі 42%. Республика бойынша Алматы облысының үлесі импорттың жалпы көлемінде 4 пайыз, экспортта 4,6 пайыз.

Экспорттағы негізгі серіктес елдер Ресей, Қырғызстан және Беларусь болды. Экспорттағы ең көп үлесті дайын азық-түлік өнімдері, машиналар, жабдықтар мен көліктер, металдар және олардан жасалған бұйымдар алады. Алматы облысындағы тауарлардың ең көп бөлігі Ресейден импортталады. Импорт құрылымында дайын азық-түлік өнімдері – 27,7 пайыз, машиналар, жабдықтар және көлік құралдары – 21,9 пайыз, химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері – 20,8 пайыз болды.

– **Ішкі сауда қалай өрбиде?**

– Алматы облысының республика бойынша үлесі 3,3 пайызды межеледі. Саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізу 2024 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 21,5 пайыз өсті, алайда жеке кәсіпкерлер жүргізген сауда көлемі айтарлықтай азайды.

Азық-түлік тауарларының бөлшек саудадағы үлесі 22,1 пайызды, азық-түлік емес тауарларда 77,9 пайызды құрады.

Көтерме сауда айналымы қаңтар-наурызда 223,6 млрд теңгені құрады немесе өткен жылғы сәйкес кезең деңгейінен 10,4 пайыз өсті. Көтерме сауда тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлар басым (70,9%).

– **Сұхбатымызды өндіріс пен қызметті өрге сүйрейтін заңды тұлғалардың санымен түйіндесек. Байқауымша Алматы облысы бұл көрсеткіш жағынан да көңіл қуантарлықтай өсімге қолжеткізген сияқты?**

– Онының рас. Тіркелген заңды тұлғалар саны 1 сәуірдегі жағдай бойынша 21297 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 6,2 пайызға көбейді. Оның 20818-і 100 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны биыл 17864 бірлікті құрады, оның ішінде шағын кәсіпорындар 17387 бірлік. Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар (заңды тұлғалар) саны 18102 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 6,8 пайызға көбейді.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПІКІР

АЛТЫН ТҰҒЫР

ҚР Конституциясының 75-бабында Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны көрсетілген. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады. Республиканың сот жүйесі ҚР Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актінің конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен

ҚР Конституциялық Соты төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі сегіз жылға созылады. Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды. Конституциялық Соттың төрағасын Парламент

Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Республика Президенті Конституциялық Сот төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Конституциялық соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

– Қоғамның әлеуметтік және экономикалық даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі тұрғын үй жағдайы болып табылады. Облыста тұрғын үй құрылысы саласына әлеуметтік әл-ауқаттың негізгі шарты ретінде ерекше мән беріледі. Қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысына игерілген қаражаттың үлесі 30,2 пайызды құрады. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көзі құрылыс салушылардың меншікті қаражаты болып табылады, олардың үлес салмағы – 100 пайыз. Қаңтар-наурызда пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы көлемі 7,4 пайызға өсіп, 268,5 мың шаршы метрді құрады.

– **Өндіріс туралы айтылған кезде Алматы облысының басымдығы ретінде ауыл шаруа-**

на жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика, электр энергиясын өндіру және тағы басқа да салалары бар. Тамақ өңдеу өнеркәсібінде «Кока Кола», «Эфес Қарағанды», «Хамле», «Адал», «ФудМастер», «Данон», «RG Brands», «Голд Продукт» сияқты әлемдік танымал брендтердің өнімдерін шығаратын бірқатар ірі кәсіпорындар жұмыс істейді.

– **Сауда статистикасында өзгерістер қандай?**

– Сауда – Алматы облысының экономикалық қызметінің бірден-бір ірі саласы. Оның дамуы – экономиканың табысты жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі. Алдын ала деректер бойынша 2025 жылғы қаңтар-ақпанда Алматы облысының ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен өзара сауда айналымының көлемі 171,6 млн АҚШ долларын құрады.



А.ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы

Конституция мемлекеттік егемендігімізді, билік пен қоғам құрылымының демократиялық қағидаттарын нығайтып қана қоймай, еліміздің одан әрі дамуының бағыттарын айқындап берді. Ата Заң күні мемлекеттік мерекеміздің бірі болғандықтан, әкімшілік соты бұл мерекені ерекше атап өтеді. Мәселен, өткен жылы «Ата Заң – алтын тұғыр» атты мерекелік іс-шара өтіп, шарада сот төрағасы А.Абдуллина құқық жүйесіндегі Конституцияның маңызды рөліне тоқталды, Конституциялық құндылықтарды қорғау әрбір азаматтың басты міндеті екенін айтты. Ал мамандар ҚР Конституциясының әзірлену және қабылдану тарихына тоқталып, осы орайда, тақырып аясында судьялар мен мамандар интерактивті ойын ойнады. Жас мамандар Конституция күніне арналған өлең жолдарын мәнерлеп оқып, өз өнерлерін ортаға салды.

Ата Заң – мемлекеттің тірегі, тәуелсіздіктің реңі.

КИЕ

НЕГІЗГІ ЖҰМЫС ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді еркін меңгеруі тиіс. «Тіл туралы» заңның 9-бабында «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленеді және қабылданады, қажет болған жағдайда оларды әзірлеу мүмкіндігінше басқа тілдерге аударуды қамтамасыз ете отырып, орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

Қазақстан Үкіметі мемлекеттік тілді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті, оған сәйкес қазақ тілі мемлекеттік қызмет саласының негізгі жұмыс тіліне айналды. Тұжырымдаманы іске асыру барысында мемлекеттік қызметшілерді қазақ тілін меңгеруге міндеттейтін талаптар әзірленді. Бұл ретте мемлекеттік қызмет саласының негізгі жұмыс тілі мемлекеттік тіл болады.

Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесін 2029 жылы еселеніп ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ, 2029 жылы Қазақстан билігі мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесін, қазақ тіліндегі телебағдарламалардың үлесін елде және шетелде өткізілетін халықаралық іс-шараларда қазақ тілін пайдаланылуын ұлғайтқысы келеді. Ол үшін ересектерге арналған қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен курстар ұйымдастырылды, балаларға, жасөспірімдер мен жастарға арналған мемлекеттік тілдегі ойындар түрінде оқыту бағдарламалары әзірленді, құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін арттыруға бағытталған әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды.

2024 жылдың 12 айында Батыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 61 қылмыстық іс қаралып, оның ішінде 31 қылмыстық іс мемлекеттік тілде қаралған. 2010 жылмен салыстырғанда 72 қылмыстық іс қаралды (мемлекеттік тілде – 11 қылмыстық іс), бұл қазақ тілінде қаралған істердің 34%-ға өскенін көрсетеді.

Бота МУСТАФИНА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

АҒАЙЫНДЫ АЛТЫ АРЫС



(Соңы. Басы 1-бетте)



Үйдегі тұрмыс-тіршілік те өте төмен, ішерге ас, киерге киім тапшы. Қолдан соғылған кішкентай шым үйде 2-3 отбасы орналасқан. Аты үй болғанымен, бір бөлмеде тамақ асатын ортақ бір қазан. Сол үйде малшы және оның көмекшілері тұрды. Құжаты ағам сол үйде бізбен бірге тұрды. Сол жылдың 26 наурызы күні мені қалқоз орталығы Ақшатауға өгіз шанамен малшыларға тиесілі паекті әкелуге жіберді. Сол уақытта берілетін паектің мөлшері әрбір жанұяға 8 келі қара бидай. Сол қара бидай паегін алып мен кешкісін ауылға келіп, бидай қуырылып, шай ішілді. Күн жылымықтанып, қар қылаулап тұрған болатын. Құжаты ағайдың баласы Керей оқушы еді, ол ауылға келген жоқ.

Мен ауылдағы балалардың естияры едім. Сондықтан болар мені малға шөп тиеп жатқан Құжаты ағай мен әкем түскі асқа кеткенде, малға қарай тұруға жіберді.

Отар жатқан жерге келіп үйілген шөптің ығында тұрып екеуім түскі асқа ауылға жібердім. Ауыл мен үйілген шөптердің арасы 2 шақырымдай жер. Сағат 2-ден кете түскі асын ішіп Құжаты ағай келді. Марқұм ағай темекі шегетін, темекісін құшырлана тартып алды. Әкем қой бағуға пайдаланып жүрген атты мініп 5-6 шақырым жерде түйе бағатын Еркін деген тумамыздың ауылына бір шаруалармен кетіп қалды. Құжаты ағам екеуіміз шөп тиелген өгіз шананың ығында отарды қайырып тұрдық. Наурыз айы ғой, түстен кейін қой отарын ауылға айдауға ыңғайландық. Парланған өгіз шана шөбімен тұр. Сол мезетте ғажайып бір құйын соғып, қар борасыны басталып, алай-дүлей боп кетті. Қасымыздағы итіміз бір жаманатты сезгендей ауылға қарай қаша жөнелді. Қас-қағымда алдымыздағы қой отары көрінбеуге айналды. Боран үдей түскен. Отар ықтап барады, бірақ мандытып жүре алмайды, себебі қар қалың, қайыртуға да әл берер емес.

Құжаты ағам өгіз шананы алып келемін деп кейін кеткен болатын, мен қойды айналып қайырган болып жүрдім, бір мезгілде Құжаты ағам өзі келді. «Шананы қар басып қалған, өгіздер орнынан қозғала алмайды», – деді. Шанаға шөп тиелген болатын. Содан екеуіміз отарды айналып қайырган боламыз, олар алға баспайды, қар бораны күшейіп, күн суыта бастады. Мен үстім суланып, аяқ киімім қатты тоңа бастадым. Бір қызығы, аспан ашық, бірақ, боран күшеюде.

Құжаты ағай марқұм, соғыс мүгедегі. Кеңірдегін оқ тесіп өткен, дау-



Орден Отечественной войны II степени

сы шықпайды, қырылдап сөйлейді. Маған «Даусыңды қаттырақ шығарып айқайла, айнала естісін», – дейді. Мен барымша айқайлаймын, бірақ ешкім естімейді. Мен ауылдағылардың дауыстарын естімін. Құжаты ағайға «Малды тастап ауылға кетейік, – десем, ағай болмайды, қазір көмек келіп қалар», – деп келіспейді. Күн суытып барады. Менің екі аяғымның жаны кете бастады, сонда да ілесіп келемін.

Сол ығуымен қой Ойыл өзені бойындағы жарқабаққа келіп тірелді. Құжаты ағамның үстіндегі киімі біршама жақсы, аяғында байпақ сыртында калаш, қалың шалбар, қолында қамшы, қамшының сабымен қалың қарды шұңқыр шұңқыр үңгі жасап, мені соған отырғызды, сүйтіп бірнеше мәрте қайталады. Қой отарының алды аласа жер арқылы Ойыл өзенінің жылымына түсе бастады, оны көрген Құжаты ағам қойларды жылыман шығаруға

кірісті, ол уақытта менен әл-қуш кеткен, әлсіздіктен ұйықтап қалыппын.

Енді бірде оянып кетсем ағай: «Сағынбай, жүр, ауылға қайтайық», – деп айқайлап жүр екен, ал мен есім кіргенде қарасам бір қойды құшақтатып жанына отырғызып қойыпты. Тек тірі не өлі қой ма, ол есімде жоқ. Бар күшімді жиып ағайға қарай жүрдім. Қасына келіп отыра кеттім, ағай бір шөмеле шөптің қасында тұр екен, күннің қай мезгіл екенінен шаңылдым. Ағайға «Мына шөмеле шөптің өртейікші», – деп едім ол кісі оның жанбайтындығын айтқандай болды.

Далада адасқанымызға 2 күндей болған болу керек, яғни 27 наурызда ағайға мен: «Енді жүре алмаймын, әлім жоқ, сен кете бер, ауылдан көлік алып келерсің», – деп шөмеле шөптің ық жағына отырып қалдым. Ағай мені шөптің арасынан ұя жасап қалдырып кетіп бара жатқанын

За что награждён

«... 17 января 1945 года в бою за населенный пункт ГРЕТУЛЕН Восточная Пруссия/ тов. МАЖИТОВ проявил исключительные образцы мужества и отваги, он первым ворвался в этот населенный пункт и огнем своего автомата уничтожил 7 гитлеровцев, расчет станкового пулемета и захватил пулемет. За мужество и отвагу проявленные в боях с немецкими захватчиками тов. МАЖИТОВ достоин Правительственной награды орденом "Отечественная война второй степени"....»

байқадым, әрі-беріден кейін бар күшімді жиып шөпті арқаммен ысқылап ішіне қарай еміне кіріп алдым, бұл мезгіл менің болжамымша сағат күндізгі 11-лер шамасы. Боранның басылар түрі жоқ. Қалжырап қайта қалғып кетіпін, оянасам, күн батуға таянған. Әл жоқ. Үстімді қар басып қалыпты. Бар күшімді жиып, орнымнан әзер тұрып айқайлағаным сол еді, бір атты кісі қасыма жетіп келіп: «Сағынбай тірісің бе, тоңдың ба?», – деп сұрап, «Көлікті мында алып келіндер», – деп айқайлады. Сол бойда әкем азғантай шөбі бар өгіз шанамен жетіп келді, қасында атты іздеушілер бар, мені ауданнан келген бас мал дәрігері Корноученконың тұлыбына орап үйге алып келген. Мен жолшыбай тағы ұйықтап кетіппін, оянасам үйдегі қазандықтың қасында әкем мен шешем қатып қалған аяқ киімімді жібітіп шеше алмай отыр екен.

Есімді жиып, оянаған бойдағы бірінші сұрағым «Құжаты ағам қайда,

АТАЛАРДЫҢ АТЫ ҰҒЫМ БОЛМАСЫН!

Сағынбай ағаға рақмет! Осыдан бастап бәрі реттеле бастағандай.

Бытыр, Нұржаудан қалған жалғыз тұяқ, Сәдуақас бапым да 90-ды толтырып, көктемде дүниеден өтті. «Мен көктемде туылдым, көктемде кетемін, сол естеріңде болсын-ды» бір апта бұрын ғана өз аузымен айтқан бапым, әдемі қартайып, ешкімге салмақ салмастан, сөзі бұзылмаған күйі жылы жымыиысын жимастан жүре берген.

Артында бес бірдей қызы бар. Тек, бір-ақ өкінішті өзімен ана жаққа ала кеткені анық. Жеті жасында жетім қалған балажүрек, жетістіріп бір иіскеуге зар күйі, шарқ ұрып әке қабірін іздегенде, басына елден бір уыс топырақ апарып салу еді арманы. Бұйырмалты. Қабірін Тула облысы, Белевский ауданы, Будоговиши деревнясында орта мектеп аумағында орналасқан бауырластар зиратынан тапты. Бұрын, қаз тапқан Федяево деревнясында жерленген. Ал 1954 жылы жеңістің он жылдығы қарсаңында осы Будоговиши деревнясына көшіріп жерлесе, 65 жылдан соң, тағы да жеңістің 75 жылдығы қарсаңында қайта орнатып, қаз тапқан 544 солдаттың аты-жөндері гранит тақталарға қашалып жазылған. Содан анықталды. Реттік нөмірі 298. Маутов Куржай. Әрине, қате жазылған. Бірақ бәрі құжат арқылы нақтыланды.

Қуанышта шек жоқ! Жеті жасында тұл жетім атанып, Айкенже жеңешесіне аманатталып қалған ұл, арада 80 жыл өткенде арманына енді жеткендей. Елден топырақ алғызып, жол қамына кіріскен.

Бірақ пендесіне бұл өмірдің эттен-айы қашан жеткізіп еді?. Әке қабірін тауып, жолға жиналып жатқанда індет басталып шет ел шықпақ түгілі, үйге қамалып қалған қария қатты қамықты. Бар арманы әке қабіріне тәу ету! Сексен сегізге келгенше сыр бермеген денсаулық «үйқамақтан» кейін әлсіретіп-ақ тастағандай. Одан доғдырлар алыс жолға шығуға рұқсат етпей біраз әуре-сарсаңға салды. Енді, «міне», деген сәтте әке қабірін құшақтап жатып құшарлана бір иіскей алмаған күйі өзі де өмірден өте барды... Арманда кетті!

Биыл бапымның үлкен екі қызы Гүлнар мен Айгүл әке арманын орындап Тулаға барып тәу етіп, ата басына топырақ салып қайтты.

Ал он алтыға толмастан пәмилесін жасырып соғысқа алынған – Мәжитов Мырзағали да соңғы ерлігін 1945 жылдың 17 қаңтарында жасап, III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталса, алдында II дәрежелі Ұлы Отан соғысы және «Қызыл жұлдыз» ордендерімен марапатталғандығы туралы нақты деректер қолымызда. Содан кейін хабарсыз.

Енді бір атамыз – Маутов Куржугут (Нұржігіт) туралы архив мұрағаттарында бір-ақ жерде кездеседі. (Убит, 22.02.1943. Орловская обл....)

Болды. Мұнда да Воильская РВК Актюбинская обл, Казахской ССР делінген. Воильскаясы (Ойыл) Уилский РВК. Нақтылығы, тұсында сестра – Сапина Багдагуль деген жазу бар. Бағдагуль деген менің 1993 жылы туылған қызымның атын «Апама тірі ескерткіш болсыншы» деп, осы Сәдуақас бапым қойған-ды.

Солай. Соғыстан аман оралса да бейбіт күннің батыры атанған атам Құжаты туралы естелікті оқыдыңыздар.

Нұржау атамның пешенесіне туылғанда Туланың топырағы жазылған секілді. Мырзағали атам мен Нұржігіт те архивте бар. Әзірге қайда жерленгендері ғана белгісіз. Ал Төлеу мен Қабдұш аталарымыз хабарсыз. Бірақ күдер үзбейміз. Табылатынына сенім мол.

«Мен ұмытылған күні, яғни мен өлген күні, мені ұмытпайтын ұрпақ бер», – деп тілеген ата-бабаларымыздың тілегі қабыл болуы үшін әлгі әрбір көрсетіліс «ищите друг друга, чего бы не случилось...» деп аяқталатын «Ищи меня...» бағдарламасы секілді іздей береміз!

Сіздер де іздеңіздер. Аталардың аты ұмыт болмасын. Ешкім де елеусіз, іздеусіз қалмасыншы.

Ал азаматтары «түзде қалғанда» талай шаңырақты жықпай аман алып қалған қазақтың қасиетті «Қара кемпірлері» әжелерімізді Жаратқан Иеміз пейіш төрінде шалқытқай!

Нұрымжан Керейұлы МАУЫТ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@astana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана
Тапсырыс №966 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г кәуілікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31